

Күршім ауданының Абай ауылдық округінің Теректібұлақ ауылына шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Абай ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 04 шешімі

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Күршім ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының орынбасарының 2014 жылғы 02 желтоқсандағы №846 ұсынысына сәйкес, Абай ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Күршім ауданының Абай ауылдық округінің Теректібұлақ ауылында ұсақ малдар арасында бруцеллез ауруының шығуына байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Абай ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 22 сәуір "Күршім ауданының Абай ауылдық округінің Теректібұлақ ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 12 мамыр № 3306 болып тіркелген) № 1 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Абай ауылдық округінің әкімі

Н.Сулейменова